

# ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ БАНКТІК САЛЫМЫНЫҢ ҚОСЫЛУ ШАРТЫ

## I ТАРАУ. Жалпы ережелер

### 1-бап. Кіріспе

1.1. Осы Жеке тұлғаның банктік салымының қосылу шарты арқылы (бұдан әрі – Шарт) Салымшының жинақ шотында немесе «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дағы (бұдан әрі – Банк) жинақ шоттарында (шарттары теңгемен, АҚШ долларымен және еуромен үш жинақ шотын ашуды болжайтын Салымды ашқан кезде) (бұдан әрі – Шот/Шоттар) ақша қаражатын (бұдан әрі – Салым) осы Шартта белгіленген талаптарда орналастырудың стандартты талаптары анықталады. Салым талаптары Банктің уәкілетті органымен бекітіледі және Банктің интернет желісіндегі [www.halykbank.kz](http://www.halykbank.kz) (бұдан әрі – Банктің web-сайты) мекенжайы бойынша ресми веб-сайтында және Банктің операциялық бөлімшелерінде орналастырылады. Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес жасалатын қосылу шарты болып табылады.

Шарт, сондай-ақ жеке тұлғаның банктік салымының талаптары (келесі ақпаратты: сыйақының мерзімі, мөлшерлемесі, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі, валюта, тарифтер, Салымның ең аз сомасы, қосымша жарнаның ең аз сомасы, төмендемейтін қалдықтың мөлшерін қоса алғанда, бірақ мұнымен шектелмей) Банктің web-сайтында жарияланады.

1.2. Шарт, Салымшының қолы қойылған Жеке тұлғаның банктік салымын ашуға өтінішті (бұдан әрі – Өтініш) Банк бөлімшелеріне беру арқылы немесе Өтінішті Банк жасап шығарған электронды цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – Пароль) бекітілген электронды түрде жазып-толтыру арқылы немесе SMS/Push-хабарламаның көмегімен бір реттік OTP-парольді пайдалана отырып, клиентті динамикалық сәйкестендіру (бұдан әрі – динамикалық сәйкестендіру) арқылы жасалады. Салымның нақты талаптарын – Салымның түрін, сомасын, мерзімін, сыйақы мөлшерлемесін, сонымен қатар жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін, мерзімділігі мен сыйақыны төлеу тәсілін, сонымен қатар толықтыру/ішінара алу операцияларын жүргізу мүмкіндігін және мерзімінен бұрын талап ету талаптарын Тараптар Өтініш арқылы анықтайды.

1.3. Шарт талаптарына сәйкес ресімделген және Банкке интернет-банкинг арқылы электронды түрде ұсынылған өтініш, Салымшының қолтаңбасымен куәландырылған қағаз тасығыштағы оның Өтінішіне баламалы болып есептеледі.

1.4. Банктің Салымшыдан Өтінішті қабылдауы Салымшының Шартқа қосылғанын білдіреді. Банк Өтінішті қабылдағаны туралы Өтінішке белгі қойғаннан кейін, Өтініш электронды түрде берілген кезде – Банк өз бетінше анықтайтын тәсілдермен Салымды орналастырғаны туралы хабарламаны Салымшыға жібергеннен кейін Өтініш қабылданған болып саналады. Салымшының Шартта белгіленген тәртіпте қолын қойған Өтініші Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

1.5. Шарт Салым сомасы Шотқа түскен күннен бастап бекітілген болып саналады және күшіне енеді, Тараптар арасында толық өзара есеп айырысуды жүргізуді қоса алғанда оның барлық талабын Тараптар орындағаннан кейін ол өз әрекетін тоқтатқан болып саналады. Шартта қозғалмаған, бірақ Шарт мәніне жататын мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында (бұдан әрі – ҚР заңнамасы) реттеледі.

1.6. Салымшының Шартта белгіленген тәртіпте қолын қойған Өтініш Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және Салымшының Шартты ешбір ескертусіз және қарсылықсыз толық көлемде алғанын, оқығанын, түсінгенін және қабылдағанын куәландырады. Егер Банкте Салымшының Шартта белгіленген тәртіпте қолын қойған (толтырған) Өтініші бар болса, Салымшы оның Шартты алмағаны/оқымағаны/түсінбегені/қабылдамағанының дәлелі ретінде, оның Шартта қолы қойылмағанына меңзеуге құқығы жоқ. Салымшы Өтінішке қол қоя (толтыра) отырып,

Салымды орналастыру мен жүргізудің барлық талаптарын қабылдайды және Шартқа қосылады, сондай-ақ Шарттың барлық ережесі Салымшының мүддесі мен еркін білдіруге толық сай келетінін растайды.

1.7. Банк қабылдаған Өтініш Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

1.8. Шарт пен Өтініш нысаны Банктің ресми web-сайтында жарияланады.

## 2-бап. Терминдер мен анықтамалар

Шартта келесі түсініктер пайдаланылады:

2.1. **Банк** – «Қазақстан Халық жинақ банкі» акционерлік қоғамы;

2.2. **Биометриялық деректер** – белгілі бір адамның сәйкестендіруге мүмкіндік беретін бірегей сипаттамаларының жиынтығы. Мұндай сипаттамалар қатарына саусақ іздері, көздің түсті қабығы, бет әлпеті, даусы, жазу ерекшелігі немесе жүріс мәнері кіреді, бірақ мұнымен шектелмейді. Аталған сипаттамаларды арнайы бағдарламалар және аппараттық құралдар жинайды;

2.3. **Салым** – Шартпен және Өтінішпен белгіленген талаптарда Шотқа (Шоттарға) салынған ақша. Қайтару талаптарына байланысты Салымдар келесі: мерзімді Салым, жинақ салым түрлеріне бөлінеді;

2.4. **Салымшы** – Шартқа сәйкес атына Шот (Шоттар) ашылған және Салым енгізілген жеке тұлға;

2.5. **Салушы** – үшінші тұлғаның (салымшы – жеке тұлғаның) атына Салым салатын және өз атынан Банкпен Шарт бекітетін тұлға;

2.6. **Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі** – уәкілетті органның 2012 жылғы 26 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген заемдар мен салымдар бойынша шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі (нақты құнын) сыйақы мөлшерлемелерін есептеу қағидаларына сәйкес есептелетін қызметтер бойынша шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесі;

2.7. **Динамикалық сәйкестендіру** – Клиенттің Өтінішке қол қою және Шартқа қол қою құқығын сөзсіз растау мақсатында оның жеке басын анықтау рәсімі;

2.8. **Сенімді нөмір** – Клиенттің ұялы телефонының жеке нөмірі, оған Интернет-банкингте/Номебанк-те операциялар жүргізу үшін парольдер, сонымен қатар Клиент Банкке жеке келген кезде операциялар жүргізу үшін қауіпсіздіктің аса жоғары деңгейін талап ететін 3D Secure кодтары және депозиттер бойынша SMS-хабарламалар және т.с.с. жіберіледі;

2.9. **Шарт** – Банктегі Шотқа (Шоттарға) Салым салу талаптары мен тәртібін анықтайтын Жеке тұлғаның банктік салым шартына қосылу шарты (стандартты талаптар);

2.10. **Шарттың мерзімін ұзарту** – Салымды орналастыру мерзімі аяқталғанда оны жаңа мерзімге орналастыру;

2.11. **Жұмыс күні/банктік күн** – Қазақстан Республикасында банктер операция жүргізетін күнтізбелік күн (ресми демалыс және жұмыс емес мереке күндерінен басқа);

2.12. **Жинақ салым** – белгілі бір мерзімге салынған салым. Салымшы Шотты жабуға өтінішті берген күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткеннен кейін салым қайтарылады.

2.13. **Тараптар** – Банк және Салымшы/Салушы;

2.14. **Haluk Super App мобильді қосымшасы (бұдан әрі – Интернет-банкинг)** – мобильді телефонға және/немесе планшеттік компьютерге және/немесе Банктің бағдарламалық жасақтамасын орнатуға болатын және Клиентке банктік операциялар жүргізуге мүмкіндік беретін өзге құрылғыға орнатылатын Банктің бағдарламалық жасақтамасы;

2.15. **Шот** – Салымды есептеу және онда операцияларды көрсету мақсатында Шарттың талаптарына сәйкес ашылған, жеке тұлғаның Банктегі жинақ шоты;

2.16. **Push-хабарламалар** – бұл Банктің клиентке «Haluk Super App» мобильді қосымшасында жіберетін ақпараттық және басқа да хабарламалары.

## 3-бап. Шарттың мәні

3.1. Банк Салымшыдан Салымды қабылдайды және оны Шартпен және Өтініспен белгіленген талаптарда Шотқа (Шарттарға) салады.

3.2. Шот (-тар) бойынша Салымшының кәсіпкерлік қызметті, нотариалдық қызметті, адвокаттық қызметті, атқарушылық құжаттарды орындау бойынша қызметтерді, медиация тәртібінде дауларды реттеу бойынша қызметтерді жүзеге асыруымен байланысты операцияларды жүргізуге болмайды. Шарттың осы тармағының ережелерін бұзғаны үшін Салымшы жауапкершілік көтереді (Банк осындай қызметке байланысты болуы мүмкін Шотқа (-тарға) қатысты нұсқаулардың орындалуы үшін жауапкершілік арқаламайды).

3.3. Салымшыны сәйкестендіру/жүргізілетін операцияларды авторландыру мақсатында Банк мыналарды қосымша пайдаланады:

3.3.1. Банктің дерекқорында орналастырылатын Салымшылардың фотокескіні (бар болса);

3.3.2. Салымшының биометриялық деректері (Салымшының тиісті өтініші болса) және/немесе

3.3.3. Банк шығарған Пароль (егер Салымшыда осылар бар болса), төлем картасын, клиентті динамикалық сәйкестендіруді:

Салымшыға Сенімді нөмірге операцияның негізгі талаптары туралы ақпараты бар Банктің SMS-хабарламасы түрінде біржолғы пароль жіберу және Салымшы Банкке жеке келген кезде Банк қызметкеріне парольді айтуы арқылы Салымшының аталған талаптармен келісімін алу;

Салымшыға Сенімді нөмірге клиент «Halyk Homebank» мобильді қосымшасында тіркелген және операцияның негізгі шарттары туралы ақпаратпен хабарламалар алу қызметін қосқан жағдайда Банктің SMS-хабарламасы түрінде біржолғы пароль немесе Push-хабарламалар жіберу және Салымшы Банкке жеке келген кезде Банктің парольмен жауап SMS-хабарлама жіберуі арқылы Салымшының аталған талаптармен келісімін алу;

3.3.4. басқа сәйкестендіруші өлшемдер;

3.4. Автоматты режимде жұмыс істейтін құрылғыларды (банкомат, электрондық терминал және өзге де құрылғылар) қолдана отырып, Салымды қабылдау және (немесе) беру үшін QR-код технологиясын пайдаланған кезде Салымшы Банктің мобильді қосымшасындағы QR-код батырмасын басу және құрылғы экранында QR-кодты сканерлеу арқылы тиісті операцияны растайды.

#### **4-бап. Салымды салу тәртібі**

4.1. Салымшы Банкте Салым валютасында ағымдағы шот немесе карталар базасындағы ағымдағы шот (бұдан әрі – тиісінше ағымдағы шот немесе карталық шот) ашқан жағдайда, Банк Салымды қабылдауды жүзеге асырады. Шарттары теңгеде, АҚШ долларында және еуроға үш жинақ шотын ашуды шамалайтын Салым бойынша Салымшы теңгемен, АҚШ долларымен және еуромен үш жинақ/карталық шот ашады.

4.2. Банкте ағымдағы шот (-тар)ы/карталық шоты (-тары) болмаса, Салымшы оны Банк пен Салымшы арасындағы тиісті шартпен және Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленген талаптарда және тәртіпте ашады. Өтінішті электронды түрде, оның ішінде Интернет-банкинг арқылы берген кезде, Салым тек Салымшының Банкте ағымдағы шот (-тар)ы/ карталық шоты (-тары) бар болса ғана орналастырылуы мүмкін.

4.3. Салымшы да, үшінші тұлға да (Салушы), сонымен қатар сенімгер де Салымды сала алады, Шотты (Шоттарды) аша алады. Салымшының Шотты (Шоттарды) ашуына қажетті құжаттардан бөлек сенімгер Қазақстан Республикасының заңнамасына сай Шотты (Шоттарды) ашуға және/немесе Шоттағы (-тардағы) ақшаға иелік ету құқығына нотариуспен куәландырылған сенімхаттың түпнұсқасынан алынған түпнұсқаны немесе сенімгердің Салымшы атынан сенімхатсыз (Салымшының заңды өкілдері үшін) әрекет ете алатынын растайтын құжатты ұсынуы тиіс. Өтінішті электронды түрде, оның ішінде Интернет-банкинг арқылы берген кезде, Салымды тек Салымшының өзі және өз атына орналастыра алады.

4.4. Салым қолма-қол ақшамен де, қолма-қол ақшасыз жолмен де, сондай-ақ аударымды күту режимінде де енгізілуі мүмкін:

4.4.1. қолма-қол ақшасыз жолмен, Салымшы/Салушы Банкте ашылған Салымшының ағымдағы шот (-тар) ында Өтініште көрсетілген Салым сомасын қамтамасыз еткен кезде. Өтініш электронды түрде, оның ішінде Интернет-банкинг арқылы берілген кезде, Салым тек қолма-қол ақшасыз жолмен енгізілуі мүмкін. Банк Өтініш пен Шарттың негізінде Салым сомасын ағымдағы шоттан (шоттардан) (Салымшының қосымша келісімін алусыз оны тікелей дебеттеу арқылы) шегереді және шегерілген соманы Шотқа (Шоттарға) аударды;

4.4.2. Салымды қолма-қол ақшамен салу үшін. Салымшы/Салушы кассалық құжатта ақшаны Салымға енгізуі туралы көрсете отырып, Өтініште көрсетілген ақша сомасын қолма-қол ақшалай түрде Банк кассасы арқылы енгізеді. Шотқа аударатын аударым сомасы Өтініште көрсетілген сомадан кем болып шыққан жағдайда немесе Өтінішке қол қойылған күннен кеш түскен жағдайда, Шотқа ақшаны есептеу жүзеге асырылмайды және Шарт бекітілмеген болып есептеледі;

4.4.3. аударымды күту режимінде. Салымшы/Салушы Салымды енгізу үшін Өтінішке қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, Өтінішке сәйкес Салым сомасын Шотқа аударуды қамтамасыз етеді. Шотқа аудару үшін қолма-қолсыз аударым сомасы Өтініште көрсетілген сомадан кем немесе артық болса, немесе күнтізбелік 10 (он) күннен кеш түсетін болса, онда ақшаны Шотқа аудару жүргізілмейді және Шарт бекітілмеген болып есептеледі.

4.5. Салымның Банкке енгізілгенін растайтын құжат мыналар:

4.5.1. Салымды қолма-қол ақшасыз енгізу үшін – Банктің Салымды қолма-қол ақшасыз жолмен қабылдағаны жөніндегі белгілері бар Өтініш немесе Күпиясөзбен бекітілген электронды түрдегі немесе динамикалық сәйкестендіру арқылы берілген Өтініш;

4.5.2. Салымды қолма-қол ақшамен енгізу үшін – Банкпен белгіленген ережелерге сәйкес рәсімделген, оның орындалғаны жөнінде белгілері бар Салым сомасының Шотқа (Шоттарға) енгізілгені туралы кассалық құжат және Банктің белгілері қойылған Салымның қолма-қол ақшалай түрде қабылданғаны туралы Өтініш.

4.6. Шот ашылған кезде жеке сәйкестендіру кодының берілгені туралы Банк Салымшыға Салым сомасы Шотқа есепке жатқызылған күні Салымшы Өтініште көрсеткен тәсілмен растамасын жібереді.

4.7. Интернет-банкинг арқылы Салымды ашқан кезде ары қарай қызмет көрсету, сонымен қатар Салымды қайтару үшін Салымшыға әдепкі қалпы бойынша Банк бөлімшесі ұсынылады, ұсынылған нұсқамен келіспеген жағдайда Салымшының анықтамалықтан басқасын таңдау мүмкіндігі бар.

4.8. Интернет-банкинг жүйесімен Алматы уақытымен сағат 23:45-ке дейін жіберілген өтініштер ағымдағы банктік күні өңделеді. Алматы уақытымен сағат 23:45-тен кейін берілген өтініштер келесі банктік күні өңделеді. Айырбастау жөніндегі Интернет-банкингтегі операциялар жүйеде қолданылатын шектеулермен аталған операцияларды жүргізу уақыты бойынша жүргізіледі.

## **5-бап. Салымды толықтыру**

5.1. Егер Өтініште көзделген болса, Салым бойынша қосымша жарналарды қабылдауға рұқсат етіледі.

5.2. Қосымша жарналарды енгізу былайша жүзеге асырылады:

5.2.1. қолма-қол ақшамен:

- Салымшымен, сондай-ақ оның атынан әрекет ететін үшінші тұлғамен (үшінші тұлғаның қамқоршы немесе заңды өкілі болып табылатынын растайтын, тиісті түрде рәсімделген сенімхатты немесе құжатты ұсынған жағдайда) – тиісті кассалық құжаттың негізінде Шотқа (Шоттарға) қолма-қол ақшалай енгізу арқылы;

- өз атынан әрекет ететін үшінші тұлғалармен – аударымға өтініштің негізінде қолма-қол ақшалай тиісті соманы бұдан әрі Шотқа (-тарға) аудару үшін Банк кассасына өткізу арқылы (банктік шот ашпастан).

#### 5.2.2. қолма-қол ақшасыз жолмен:

- Салымшы, сондай-ақ оның атынан әрекет ететін үшінші тұлғалар (үшінші тұлғаның заңды өкілі болып табылатынын растайтын құжат немесе тиісті түрде рәсімделген сенімхатты ұсынған жағдайда) Салымшының ағымдағы шот (-тар)ында/карталық шотта (-тарда) қосымша жарна сомасының болуын қамтамасыз етеді, Салымшының тиісті өтінішінің негізінде қажетті ақша сомасын ағымдағы шоттан (-тардан)/карталық шоттан (-тардан) Шотқа (-тарға) аударуды орындайды;

- өз атынан әрекет ететін үшінші тұлғалар шоттан Шотқа (Шоттарға) аударымға өтініш негізінде тиісті ақша сомасын аудару арқылы жүргізеді.

5.3. Егер Банк тиісті банктік Салым түрін қабылдауды тоқтатса (соның ішінде мерзімі бойынша), Банк осындай Салымдарды қабылдауды тоқтатқан кезден бастап Салым бойынша қосымша жарна қабылдаудан да бас тартуға құқылы.

### **6-бап. Салымды ішінара талап ету**

6.1. Салымшының талабы бойынша Салымның бір бөлігін беру Өтініште көзделген болса, сонымен қатар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

6.2. Салымның бір бөлігін Банк Салымның бір бөлігін алған соң Шоттағы (-тардағы) қалдық Салымшының Салымның бір бөлігін алу туралы көрсете отырып Банкке өтініш білдірген күні Банк белгілеген сомадан кем болмаған талапта береді;

6.3. Салымды/Салымның бір бөлігін талап еткен және оны Шоттан (-тардан) шығарған жағдайда Банк тарифтеріне сәйкес комиссия ұсталады:

6.4. Алынып тасталды

6.5. Салымның бір бөлігін қайтару келесі жолмен орындалады (қолданылған жағдайда Салымшының тиісті нұсқауына сәйкес):

6.5.1. талап етілген Салымның бөлігін ағымдағы шотқа (-тарға)/карталық Шотқа (-тарға) аудару арқылы;

6.5.2. Банк кассасынан қолма-қол ақшамен беру арқылы. Банк банкоматтары/төлем терминалдары арқылы қолма-қол ақшалай беру мүмкіндігі, оның ішінде берілетін сома бойынша тәртіп және шектеулерді Банк өз бетінше анықтайды;

6.6. Шот (-тар) бойынша операциялар Салымшының талап етуі бойынша Банк ұсынатын үзінді көшірмелерде немесе Nalyk Homebank қосымшасын жеке мониторингтеу арқылы көрсетіледі.

6.7. Салымшы Face ID және Touch ID пайдалана отырып немесе жеке кіру коды арқылы мобильді қосымшаға кіру барысында бір реттік парольді (OTP) енгізу жолымен аударымды қосымша растау қажеттілігінсіз Банкте ашылған өз шоттары арасында аударым жасауға өз келісімін растайды.

Көрсетілген келісім мобильді қолсымшада авторизацияланған сәттен бастап берілген болып саналады және мобильді қосымшаны пайдаланудың бүкіл өзекті сессиясы ішінде әрекет етеді.»;

### **7-бап. Үш жинақ шотты аша отырып, Салым бойынша операцияларды жүргізу ерекшеліктері**

7.1. Шоттар арасында ақша аудару Салымшының тиісті нұсқауы негізінде жүзеге асырылады, бұл ретте:

7.1.2. Банк аударылатын соманы аударым есептелетін Шоттың валютасына операцияны жүргізу кезінде Банк белгілеген бағам бойынша айырбастауды жүргізеді. Бұл ретте, Салымшы қолма-қол ақшасыз валютаны сатып алу/сату айырбастау бағамын Банк нарықта қалыптасқан жағдайға байланысты күн ішінде өзгерте алатынын растайды және келіседі.

7.1.3. Қолма-қол ақшасыз айырбастау жүргізу операциялары Салымды мерзімінен бұрын талап ету болып/Салымның бір бөлігін ішінара талап ету болып табылмайды және осылай есептен шығарған кезде салым бойынша сыйақы қайта есептелмейді.

7.2. Салым бойынша сыйақыны есептеу, Салымның әрбір валютасы үшін белгіленген сыйақы мөлшерлемесі бойынша Шоттардағы әрбір қалдық ақшасына жеке-жеке жүргізіледі.

7.3. Ақшаны ішінара талап еткен/ соманы басқа валютаға айырбастаған жағдайда сыйақы, ішінара талап ету/соманы айырбастау жүзеге асырылған валюталар үшін сыйақы мөлшерлемелері бойынша Шоттардағы ақшаның іс жүзіндегі қалдығына есептеледі.

7.4. Салымшы Салымды орналастыру мерзімі аяқталғаннан кейін Салым сомасын талап етпеген жағдайда, Шарт үш рет автоматты түрде ұзартылған болып есептеледі, егер Шартты бекіткен кезде Салым талаптарымен өзгеше белгіленбесе, ал Салым (оның барлық бөліктері) сәйкесінше сол талаптарда, дәл сондай мерзімге, Шарттың әрекет ету мерзімі ұзартылған күнге Банк белгілеген мөлшерлемелер бойынша әр бөлікке сыйақыны есептеумен, автоматты түрде Шоттарда орналастырылатын болады.

## **8-бап. Салым бойынша сыйақы**

8.1. Сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, Шарттың басқа талаптарымен/Салымшы мен Банк арасындағы келісіммен/Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Шарттың 9.2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Өтініште көрсетілген Салымды орналастыру мерзімі барысында өзгермейді.

8.2. Салым бойынша сыйақыны есептеу Өтініште көрсетілген Салым бойынша сыйақы мөлшерлемесі бойынша іске асырылады және ақша Шотқа түскен күннен кейінгі күннен бастап/мерзімі ұзартылған күннен бастап Салымның іс-жүзіндегі қалдығына Салымның мерзімі аяқталғанға дейін жүргізіледі. Салым сомасын толық көлемде қабылдау күні және оны қайтару күні бір күн болып саналады. Сыйақыны есептеген кезде күндердің нақты саны ескеріледі (күнтізбе бойынша), бұл ретте жыл 360 күнге тең.

«Қазкоммерцбанк» АҚ-да бұрын ашылған салымдар бойынша есеп айырысу үшін жыл шартты түрде 360 күнге тең деп, ал ай 30 күнге тең деп алынады.

Жаңадан ашылған жаңа салымдар бойынша сыйақыны есептеу үшін 360 күнге тең шартты жыл және 30 күнге тең шартты ай қабылданған.

8.3. Егер сыйақы төлеу күні демалыс не мереке күніне түскен жағдайда, «Қазкоммерцбанк» АҚ-да ашылған салымдарды қоспағанда, сыйақыны іс жүзінде капиталдандыру сыйақыны капиталдандыру күні жүргізілетін тиісті мереке немесе демалыс күнінен кейінгі бірінші жұмыс күні жүргізіледі. Бұл ретте ай сайын капиталдандырылған сыйақы сомасы Салым қалдығын ұлғайтады.

8.4. Салым бойынша сыйақы төлеу мерзімділігі Өтініште белгіленеді. Салым мерзімін ұзартқан кезде Салым бойынша сыйақы төлеу мерзімділігі өзгермейді.

## **9-бап. Салымның мерзімін ұзарту тәртібі**

9.1. Банк Шарттың осы тармағының екінші бөлігінде және 9.5-тармағында көрсетілген жағдайлардан басқа, сыйақы мөлшерлемесін қоспағанда, Салым аяқталған күні сол мерзімге және сол талаптармен Салымды автоматты ұзартуды жүзеге асырады.

«Барынша жоғары» салымы бойынша салым мерзімі автоматты ұзартылмайды.

Осы тармақтың екінші бөлігінің күші бұрын жасалған «Барынша жоғары» банктік салым шарттарынан туындаған құқықтық қатынастарға таралмайды.

9.2. Мерзімі ұзартылған жағдайда Салым, Шарттың қолданыс мерзімін ұзарту күні Банк белгілеген мөлшерлеме бойынша сыйақы есептеумен, Шарт талаптарында автоматты түрде осындай мерзімге орналастырылады.

9.3. Банк пен Салымшы арасындағы қосымша келісіммен көзделген жағдайларды қоспағанда, Шарттың мерзімін автоматты түрде ұзарту үш реттен аспайды, бұдан соң Салым

мен есептелген сыйақыны, Салымшыға қосымша ескертпестен, Салымшының ағымдағы шот (-тар)ына/карталық шотына Банк төлейді.

9.4. Шарттың мерзімін ұзартқан кезде сыйақы мөлшерлемесі ұлғаю немесе азаю жағына қарай өзгерген жағдайда Банк мұндай өзгерістер туралы, сонымен қатар Банк Тарифтеріндегі өзгерістер туралы бұл ақпаратты Банк бөлімшелеріндегі ақпараттық стендтерге ілу арқылы немесе клиент өз бетінше таныса алатын Банктің web-сайтында жариялау жолымен хабарландырады.

9.5. Егер Банк тиісті банктік салым түрін қабылдауды тоқтатса (соның ішінде мерзімі бойынша) Банк Салым мерзімі аяқталған соң (соның ішінде соңғы рет оның мерзімін ұзартқан соң) Шарттың мерзімін ұзартпауға және салым сомасын ағымдағы шотқа (-тарға)/карталық шотқа (-тарға) аударуға құқылы.

## **10-бап. Шартты мерзімінен бұрын бұзу**

10.1. Шартты мерзімінен бұрын бұзу Салымшының өтініші негізінде немесе Шарттың IV тарауына сәйкес Банктің бастамасы бойынша жүзеге асырылады.

10.2. Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда (жинақ Салымдарын қоспағанда) сыйақы келесі тәртіппен қайта есептеледі:

10.2.1. Салымды мерзімінен бұрын талап еткен жағдайда Салымның мерзімін ұзартқаннан кейінгі жағдайларды қоса алғанда, Салымшының бастамасымен Шарт әрекет етуді тоқтатады. Бұл ретте Банк Салымның нақты мерзімінде:

- 1 айға дейін орналастырылғанда – Салым бойынша сыйақы есептелмейді;

- 1 айдан артық орналастырғанда – салымның бүкіл кезеңі үшін есептелген және капиталдандырылған сыйақы бөліп шығарылады және сыйақыны есептеу, Банктің уәкілетті органымен белгіленген мерзімінен бұрын бұзу күні қолданыстағы салымды мерзімінен бұрын қайтару бойынша мөлшерлеме бойынша Сыйақы сомасына капиталдандырмастан жүзеге асырылады;

10.2.2. бұрын «Казкоммерцбанк»<sup>1</sup> АҚ-да ашылған Салымдарға сыйақы есептеу келесі талаптармен Салым сомасына капиталдауды ескере отырып жүргізіледі:

орналастырылған, оның ішінде 2012 жылғы 9 қыркүйекке дейін (қоса алғанда) ұзартылған:

Шотта (Шоттарда) Салым (Салым қалдығы) айтылған мерзімнен аз нақты мерзімге салынған кезде сыйақы Өтініште анықталған мөлшерлеме бойынша (немесе Шарттың 9.2-тармағына сай анықталатын мөлшерлеме бойынша – Шарттың мерзімін соңғы рет ұзартқаннан кейін) Шоттағы (Шоттардағы) Салымның (Салым қалдығының) нақты мерзіміне есептеледі.

2012 жылғы 10 қыркүйектен бастап орналастырылған, о.і. мерзімі ұзартылған Салымдар бойынша:

Салымның (Салым қалдығының) Шоттағы (Шоттардағы) нақты мерзімі бір айдан аз болғанда – Салым бойынша сыйақы есептелмейді;

айтылған мерзімнен Салымның (Салым қалдығының) Шоттағы (Шоттардағы) нақты мерзімі бір айдан артық, бірақ алты (қоса алғанда) айдан аз болғанда сыйақы Өтініште белгіленген  $\frac{1}{2}$  мөлшерлемесі бойынша (немесе Шарттың 9.2. т. сәйкес анықталатын  $\frac{1}{2}$  мөлшерлемесі бойынша) Шоттағы (Шоттардағы) Салымның (Салым қалдығының) нақты мерзіміне есептеледі;

Салымның (Салым қалдығының) Шотта (-тарда) алты айдан астам уақытқа, бірақ келісілген мерзімнен аз уақытқа орналастырылған нақты мерзімінде, сыйақы Салымды (Салым қалдығын) Шотта (-тарда) нақты мерзіміне, Өтініште анықталған мөлшерлеме бойынша (немесе Шарттың мерзімін соңғы рет ұзартқаннан кейін, Шарттың 9.2. т. сәйкес анықталатын мөлшерлеме бойынша) есептеледі.

---

<sup>1</sup> Осы Шарт, сондай-ақ «Казкоммерцбанк» АҚ-да бұрын ашылған салымдар бойынша Жеке тұлғаның банктік салым шартының жаңа редакциясы (қосылу шартының стандартты талаптары) болып табылады.

10.2.3. жинақ Салымды<sup>2</sup> мерзімінен бұрын талап еткен кезде Салымшы Шотты жабуға өтініш берген күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткеннен кейін Салым сыйақы төлеместен қайтарылады;

10.2.4. мерзімділік талаптарына сәйкес келетін/сәйкес келмейтін мерзімді салымдарды мерзімінен бұрын талап еткен кезде<sup>2</sup> Салымның бүкіл мерзімі үшін есептелген және капиталданған сыйақысы толық бөліп шығарылады және сыйақы есептеу келесі талаптармен Салым сомасына капиталдаусыз жүргізіледі:

- Салым (Салым қалдығы) Шотта (Шоттарда) бір айдан кем орналастырылған кезде – Салым бойынша сыйақы есептелмейді;

- Салым (Салым қалдығы) Шотта (Шоттарда) бір айдан алты айға дейін (қоса алған) орналастырылған кезде Салым бойынша сыйақы номиналды мөлшерлемеден 1/8 мөлшерінде есептеледі;

- Салым (Салым қалдығы) Шотта (Шоттарда) алты айдан он екі айға дейін (қоса алған) орналастырылған кезде – Салым бойынша сыйақы номиналды мөлшерлемеден 1/4 мөлшерінде есептеледі;

- Салым (Салым қалдығы) Шотта (Шоттарда) он екі айдан артық орналастырылған кезде – Салым бойынша сыйақы номиналды мөлшерлемеден 1/2 мөлшерінде есептеледі.

Мерзімділік талаптарына сәйкес келетін/мерзімділік талаптарына сәйкес келмейтін мерзімді салымдарды мерзімінен бұрын талап еткен кезде<sup>3</sup> бүкіл Салым мерзіміне есептелген және капиталданған сыйақы толық бөліп шығарылады және сыйақы есептеу келесі талаптармен Салым бойынша капиталдаусыз жүргізіледі:

- Салымды (Салым қалдығын) Шотта (-тарда) бір айдан аз сақтаған кезде – Салым бойынша сыйақы есептелмейді;

- Салымды (Салым қалдығын) Шотта (-тарда) бір ай және одан артық сақтаған кезде – Салым бойынша сыйақы номиналды мөлшерлеменің 0,1% мөлшерінде есептеледі.

Салымшы мерзімділік талаптарына сәйкес келмейтін Салымның бүкіл сомасын мерзімінен бұрын талап еткенде Салымшының бастамасымен Шарт өз әрекетін тоқтатады. Бұл ретте сыйақыны Банк Шарт жасалған күнге қолданыстағы мөлшерлеме бойынша салымды орналастырудың бүкіл кезеңі үшін төлейді. Ұзартылған салымдар бойынша — Шартты ұзарту күніне қолданыстағы мөлшерлеме бойынша төленеді.<sup>3-1</sup>

10.3. Салым талап етіліп оны Шоттан (Шоттардан) есептен шығарған кезде Банк Тарифтеріне сай комиссия ұсталады.

10.4. Егер Шотқа Шоттан Салымды мәжбүрлі алуға Салымшының келісімін талап етпейтін, осы алу туралы үшінші тұлғалардың талаптары қойылған болса (төлем талаптары, инкассалық өкімдер және басқалары), Банк Шотта ақша болған жағдайда Банктің комиссияларын ескере отырып, ақшаны кейіннен үшінші тұлғалардың пайдасына аударумен Салымшы Шотын тікелей дебеттеу арқылы мұндай талаптарды орындайды.

Егер үшінші тұлғалардың нұсқауларын орындау нәтижесінде шоттағы қалдық 0,00-ден көп болса, Шарт талаптары Барынша жоғары, Әмбебап, Әбебап 2018, Налук – әмбебап 2012, толықтыруға болатын Оңтайлы, Депозит-кепілдік, Эйр Астана жинақтаушы салымы бойынша бұзылған болып саналмайды және сыйақы мөлшерлемесі нөлге теңестірілмейді.

10.5. Егер үшінші тұлғалардың нұсқаулары бойынша салымға тыйым салынатын болса, онда жинақ салымының талаптары бұзылған болып есептелмейді. Тыйым салу мерзімі Банк орнатқан ұзарту санын ескере отырып, салымның мерзімінен асатын болса, салым

<sup>2</sup> Жинақ Салым («Барынша жоғары») мен мерзімділік талаптарына сәйкес келетін («Оңтайлы»)/сәйкес келмейтін («Әмбебап») мерзімді Салымдар Банктің web-сайтында орналастырған күннен бастап күшіне енеді. Салымдардың мерзімділік талаптарына сәйкес келу/келмеу критерийлерін «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ белгілейді.

<sup>3</sup> Мерзімділік талаптарына сәйкес келетін QORJIN мерзімді Салымдары Банктің web-сайтында жарияланған сәттен бастап күшіне енеді. Салымдардың мерзімділік талаптарына сәйкестігі/сәйкес келмеу критерийлерін «Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ белгілейді

<sup>3-1</sup> Техникалық іске асыру сәтіне дейін туындаған құқықтық қатынастарға таралмайды.

бойынша ұзарту салым мерзімі аяқталған күнге дейін жалғасады. Бұл ретте, егер шоттағы қалдық 0,00 асатын болса, сыйақы мөлшерлемесі өзгермейді (техникалық іске асыру сәтінен бастап);

10.6. Шартпен көзделген жағдайларда сыйақыны қайта есептегенде, артық төленген/капиталданған сыйақы сомасы Салымшы тарабынан қайтарылуы тиіс. Банк Салым сомасынан артық төленген/капиталданған соманы ұстап қалуға құқылы. Шотта (-тарда) ақша жеткіліксіз болса, Банк тиісті соманы Салымшының кез келген шотынан оларлы тікелей дебеттеу арқылы есептен шығаруға құқылы және Салымшы мұнымен сөзсіз келіседі немесе Салымшының шотында ақша жеткіліксіз болса, - Салымшы Банкке жеткіліксіз соманы Банк Салымшыға талап қойған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде төлеуге міндетті.

10.7. Шартты, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Шартпен көзделген жағдайларда, Шартты орындаудан біржақты бас тарту арқылы Банк бұзуы мүмкін. Мұндай жағдайда Банк Салым сомасын және Шарттың осы тармағына сәйкес есептелген сыйақыны Банктің тиісті хабарламасында көрсетілген күні ағымдағы шотқа (-тарға)/карталық шотқа (-тарға) қайтарады. Бұл ретте сыйақы Шарттың талаптарына сәйкес Өтініште анықталған мөлшерлеме бойынша (егер Шарттың әрекет ету мерзімі ұзартылмаса) немесе шартты бұзу кезінде әрекет ететін мөлшерлеме бойынша (егер Шарттың мерзімі ұзартылса) Салымның Шотта (-тарда) нақты болған мерзіміне (Салымды орталастырған күннен қайтарған күнге дейін) есептеледі. Салымды қайтарған соң Банк Шотты (-тарды) жабады.

10.8. Банк Салымшының хабарсыз кеткенін/ қайтыс болғанын/ қайтыс болды деп жариялағанын растайтын құжатты алған жағдайда, Шарт негізінде Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтатуға құқылы.

10.9. Қайтыс болған/қайтыс болды деп жариялаған Салымшының Шотынан ақша оның мұрагерлеріне ҚР заңнамасына, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес уәкілетті өзге тұлғаларға беріледі.

10.10. Банктің Салым үлесін (мұрагерлік мүліктегі үлесті/ерлі-зайыптылардың ортақ бірлескен мүлкіндегі үлесті) кез келген сомаға беруі Шарттың қолданылуын тоқтатуға және мерзімінен бұрын бұзу талаптарына сәйкес Салым бойынша сыйақыны қайта есептеуге әкеп соғады.

## **11-бап. Сенімхатпен Шот (-тар) бойынша операцияларды орындау**

11.1. Сенімхатпен Шот (-тар) бойынша операцияларды орындау сенім білдірілген тұлға Шот (-тар) бойынша операциялар жүргізуге (Шоттағы ақшаға иелік етуге) құқық беретін нотариалды куәландырылған сенімхаттың түпнұсқасын берген жағдайда жүзеге асырылады.

11.2. Салымшы үшінші тұлғаларға Салымға иелік ету құқығына сенімхат бергені туралы немесе сенімхат бойынша өкілеттіктер мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде келесі тәсілдердің бірімен:

11.2.1. Банк бөлімшесіне сенім білдірілген тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты, жеке басын куәландыратын құжатының атауы мен нөмірі, Салымшының сенім білдірілген тұлғаға сенімхатпен берген өкілеттіктерінің тізбесі (сенімхат мәтініне сай) көрсетілген жазбаша хабарлама беру арқылы;

11.2.2. міндетті түрде Банкке сенімхаттың берілгенін ауызша (телефон арқылы) растай отырып, сенім білдірілген тұлғаға берілген сенімхаттың көшірмесін Банкке факспен жіберу арқылы Банкті ескертуі міндетті.

11.3. Салымшы Банкті сенім білдірілген тұлғаға сенімхат беру туралы хабарландырмаған жағдайда Банк тиісті сенімхаттың берілу фактісінің растамасын алу үшін Салымшыға, сенімхатты ресімдеген нотариусқа өтініш білдіруге, сонымен қатар өзге әрекеттерді жүргізуге құқылы. Бұл ретте Банк жоғарыда көрсетілген тұлғалардан тиісті сенімхатты берудің растамасын алғанға дейін сенімхатпен Шот (-тар) бойынша операция жүргізбеуге құқылы.

## **II-БӨЛІМ. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

## **12-бап. Салымшының құқықтары мен міндеттері**

### **12.1. Салымшы:**

12.1.1. Шоттың жай-күйі туралы толық ақпарат алуға;

12.1.2. Шотқа (-тарға) қосымша жарналар енгізуге (егер Өтініште көзделген болса);

12.1.3. Бұл Салым талаптарымен көзделген болса, Салым сомасын/Салымның бір бөлігін және Шарт пен Өтініш талаптарына сай есептелген сыйақысын талап етуге;

12.1.4. Шотқа (-тарға) орындалмаған талаптар болмаған жағдайда Шотты (-тарды) жабуға өтініш бойынша, сонымен қатар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Шотты (-тарды) жабуға;

12.1.5. Салымға және сыйақыға иелік етуді Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес басқа тұлғаға сеніп тапсыруға;

12.1.6. мыналарды:

- күнтізбелік жеті күн бұрын Банкті хабардар ете отырып мерзімді Салымды;

- мерзімін ұзарту жағдайын қоспағанда, Банк бөлімшесіне күнтізбелік отыз күн бұрын өтініш білдіру арқылы Банкті хабардар ете отырып, жинақ Салымды мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге. Өтінішті қайтарып алған жағдайда – шотты жабуға берген Өтінішті Банктің қарау мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік бес күн бұрын Банкті хабарландыруға **құқылы.**

### **12.2. Салымшы:**

12.2.1. Салым валютасында ағымдағы/карталық шотты (-тарды) ашуға;

12.2.2. Шартта белгіленген тәртіппен Шотқа (Шоттарға) Салымды салуға;

12.2.3. Салым мерзімі ішінде Шоттан ішінара сома талап етілген кезде Шотта Салымды ашуға өтініште көрсетілген мөлшерде азаймайтын қалдықты сақтап қалуға;

12.2.4. өз деректемелерінің (растаушы құжаттарды ұсынып, паспорттық деректері, ЖСН-і, тұратын мекенжайы, телефон нөмірі, e-mail-дің электрондық мекенжайы, факс нөмірі, және т.с.с. мәліметтер) өзгертілгені туралы олар өзгерген сәттен бастап 5 (бес) күннен кешіктірмей жазбаша түрде немесе Тараптар келіскен өзге байланыс құралдары арқылы Банкке хабарлауға;

12.2.5. Банктің міндеттерін орындауы үшін қажетті, бенефициарлық меншік иелері туралы ақпаратты қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген ақпаратты Банкке беруге;

12.2.6. Шарт талаптарын сақтауға;

12.2.7. оны сәйкестендірудің қосымша құралы ретінде биометриялық деректердің скан нұсқасын (Салымшының саусақ іздерінің көрнекі үлгісі) және/немесе төлем картасын/Банк шығарған паролін немесе өзге құжаттарды/сәйкестендіру құралдарын беруге;

12.2.8. Салымшы, Банктің өзінің ішкі құжаттарына сәйкес анықтаған ірі мөлшерде қолма-қол ақша шешіп алатын жағдайда, Шартта белгіленген тәртіппен Салымшының назарына басқа мерзім жеткізілмеген болса, бұл туралы Банкке мұндай операция жүргізілгенге дейін 48 (қырық сегіз) сағат бұрын хабарлауға;

12.2.9. Nalyk Super App мобильді қосымшасындағы әрбір операцияны растамас бұрын қолма-қол ақшасыз валютаны сатып алу/сату бағамын өзі тексеруге **міндеттенеді.**

## **13-бап. Банктің құқықтары мен міндеттері**

### **13.1. Банк:**

13.1.1. Шарттың талаптары мен Банк Тарифтеріне Шарттың IV бөліміне сәйкес өзгертулер енгізуге;

13.1.2. Салымшының қосымша келісімінсіз Шоттан (-тардан) Банк комиссияларын, Салымшы мен Банк арасында жасалған өзге банктік қызмет көрсету шарттары бойынша Салымшының Банк алдындағы берешегін, сондай-ақ Шотқа (-тарға) қате есептелген ақшаны, артық төленген/есептелген соманы, Салымшының Банк алдындағы Шарт бойынша, сондай-ақ Салымшының Банк алдындағы өзге де міндеттемелері бойынша өзге де берешегін Қазақстан

Республикасының заңнамасында, Шартта және Банктің ішкі құжаттарында көзделген құжаттардың негізінде Шоттарды тікелей дебеттеу арқылы Шоттан (-тардан) есептен шығаруға, ал Шотта (-тарда) ақша болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында, Шартта және Банктің ішкі құжаттарында көзделген құжаттардың негізінде Салымшының Банкте ашылған кез келген банктік шоттарын тікелей дебеттеу арқылы алуға, онымен Салымшы сөзсіз келіседі.

Осы арқылы Салымшы Шарттың осы тармағында айқындалған жағдайлар мен тәртіпте Банкке Салымшының қосымша келісімінсіз Банкте ашылған Шотынан/басқа шоттарынан ақшаны тікелей дебеттеу арқылы есептен шығару құқығын береді;

13.1.3. Салымшыға Шот (-тар) ашудан және онымен іскерлік қарым-қатынас орнатудан біржақты тәртіпте бас тартуға;

13.1.4. ҚР қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында, сондай-ақ Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген негіздер бойынша себебін түсіндірместен Салымшымен іскерлік қарым-қатынасын тоқтатуға және Салымшының Шот (-тар) бойынша операцияларды орындау туралы өкімін орындаудан бас тартуға;

13.1.5. Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және Салымшының Шотын немесе Шарттың IV бөліміне сәйкес, Шарт аясында ашылған барлық Шоттарды Салымшыға осындайды бұзуға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын тиісті хабарлама жіберу арқылы жабуға;

13.1.6. Банк Салымшыға Шот (-тар) жағдайы, ол бойынша операциялар туралы мәліметтерді, сондай-ақ кез келген ақпараттық материалдарды (сонымен қатар хабарламаларды), егер Салымшы сұратуды байланыс арналары арқылы жіберген болса немесе Банк Шот (-тар) бойынша операциялардың қауіпсіздік деңгейін жетілдіру мақсатында Салымшыға тиісті хабарламаны мақсатына сай жіберуді қарастырса, ашық байланыс арналары арқылы (e-mail, факс, т.б.) беруге құқылы (атап айтқанда, Банк SMS-хабарламалар/клиентті «Haluk Super App» мобильді қосымшасында тіркеген және операцияның негізгі шарттары туралы ақпаратпен хабарламалар алу қызметін қосқан жағдайда Push-хабарламалар жібере алады). Салымшы Шартта белгіленген тәртіпте өтініш бере отырып, Банктің Шот (-тар) бойынша ақпаратты беруіне Банкке ресми жазбаша келісімін береді және Шарттың осы тармағына сәйкес Банктің ашық байланыс арналары арқылы үшінші тұлғалардың ақпаратты рұқсатсыз алу қаупін растайды және осындай тәуекелді өзіне алады;

13.1.7. Банк Салымшының немесе оның уәкілетті тұлғаларының Шот (-тар) бойынша операцияларды орындау туралы нұсқауларын орындаудан, егер мұндай нұсқаулар және ол бойынша ұсынылатын құжаттар ҚР қолданыстағы заңнама талаптарына және Банктің ішкі құжаттарына қайшы келсе, Шотта (Шоттарда) осындай нұсқауларды орындау үшін жеткілікті ақша сомасы жоқ болса, бас тартуға құқылы;

13.1.8. Салушыдан, Салымшыдан (оның өкілінен) осы тұлғаларды сәйкестендіру, бенефициарлық меншік иесін анықтау үшін қажетті мәліметтер мен құжатты талап етуге, сондай-ақ салықтық резиденттігі, қызмет түрі және операциялар жүргізілетін қаржыландыру көзі, туралы мәліметтерді, операцияларды жүргізумен байланысты құжаттарды талап етуге;

13.1.9. мұндай операциялар қылмыстық жолымен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында жүргізілетініне күмән туған жағдайда, Салушыға, Салымшыға (оның өкіліне) Шот бойынша шығыс операцияларын жүргізуден бас тартуға және/немесе Шотты қоса алғанда, Салымшының Банктегі банктік шоты бойынша барлық шығыс операцияларын тоқтата тұруға;

13.1.10. келесі жағдайларда:

Салушы, Салымшы (оның өкілі) жүргізетін операцияларды ұғып-білу барысында Салушының, Салымшының іскерлік қатынастарды қылмыстық жолымен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланатынына күмән туғанда;

Банк Шот бойынша шығыс операцияларын жүргізуден бірнеше рет бас тартқанда немесе Салымшының банктік шот бойынша барлық операциялары тоқтатылғанда;

Салымшыға, Салушыға және (немесе) оның үлестес тұлғаларына қатысты кез келген елдің (мысалы, АҚШ<sup>3</sup>, ЕО<sup>4</sup>, Ұлыбритания және басқалары) немесе халықаралық ұйымның (ФАТФ<sup>5</sup> пен БҰҰ-ны<sup>6</sup> қоса, бірақ шектелмей) құзыретіне сәйкес санкциялар салынған жағдайда;

Салушыны, Салымшыны (оның өкілін) ҚР заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тиісінше тексеру бойынша шараларды қабылдау мүмкін болмағанда, Шарттың 10-бабында көзделген талаптар ескеріліп, Шартты орындаудан біржақты бас тарту арқылы Салымшымен, Салушымен іскерлік қатынастарды тоқтатуға;

13.1.11. Салымшыға, сенімхатты ресімдеген нотариусқа жүгінуге, сонымен қатар тиісті сенімхаттың берілу фактісінің растауын алу үшін өзге әрекеттерді жүргізуге;

13.1.12. жоғарыда көрсетілген тұлғалардан тиісті сенімхаттың берілу фактісінің растауын алмас бұрын сенімхатпен Шот (Шоттар) бойынша операциялар жүргізбеуге;

13.1.13. Интернет-банкингте операциялар жүргізу уақыты, операциялар жүргізу сомасы бойынша шектеулер қоюға **құқылы**.

#### 13.2. Банк:

13.2.1. Салымды Шотқа (-тарға) есепке алуға;

13.2.2. Шарт талаптарына және Өтінішке сәйкес Салым сомасына сыйақы есептеуге;

13.2.3. Салымшының талабымен Салымды және Шарт талаптарына сай есептелген сыйақыны қайтаруға;

13.2.4. бұл Өтініште және Банктің ішкі құжаттарында көзделген болса, Салымшының талабымен Салымның бір бөлігін беруге;

13.2.5. Салымшының талабымен Банк тарифтеріне сәйкес Шот (-тар) бойынша үзінділер/анықтамалар беруге;

13.2.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде Клиенттің шотты жабуға берген өтінішінің негізінде Салымды қайтаруға **міндеттенеді**.

### 14-бап. Тараптардың жауапкершілігі. Жауапкершілікті алып тастау

14.1. Салымшы Шот(-тар)ты басқаруға өкілеттік берген тұлғаларды ауыстырғаны немесе олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқаны туралы Шарттың 11.2-тармағына сәйкес Банкті хабарландырмаған/уақытында хабарландырмаған жағдайда Банк мұндай тұлғалардың әрекетіне жауапкершілік арқаламайды.

14.2. Кез келген жағдайларда Банктің Шарт талаптарын бұзған кезде, оның ішінде Салымшы нұсқауын орындаудан негізсіз бас тартқаны немесе тиіссіз орындағаны үшін жауапкершілігі Салымшыға Банктің заңсыз әрекеттері/әрекетсіздігі салдарынан келтірген шынайы зиян мөлшерімен шектеледі.

Осы тармақта көрсетілген сомаларды алу үшін Салымшы (оның өкілі) Банкке өзіне келтірілген шынайы шығын мөлшері мен негіздемесі көрсетілген өтінішпен арыздануы тиіс. Банк Салымшының өтінішін қарағаннан кейін сома Салымшының Банкте ашылған банктік шотына ақшаны аудару немесе қолма-қол беру арқылы төленеді.

14.3. Егер тежеусіз күш жағдайларының, яғни Тараптардың еркінен тыс: бағдарламалық жасақтамадағы іркілістер, электр қуатының сөнуі, байланыс желілерінің бұзылуы және т.б. салдарынан Банк Шарт бойынша міндеттемелерін орындай алмаса немесе тиісті орындай алмаса, Банк жауапкершілік арқаламайды. Банк Шарт бойынша өз

---

<sup>3</sup> Америка Құрама Штаттары

<sup>4</sup> Еуропалық одақ

<sup>5</sup> Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы. Қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға (АЖ/ТҚК) қарсы іс-қимыл саласында әлемдік стандарттарды әзірлеумен айналысатын, сондай-ақ АЖ/ТҚК ұлттық жүйелерінің осы стандарттарға сәйкестігін бағалауды жүзеге асыратын үкіметаралық ұйым

<sup>6</sup> Біріккен Ұлттар Ұйымы - халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау және нығайту, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту үшін құрылған халықаралық ұйым.

міндеттемелерін жоғарыда көрсетілген жағдайлардың әрекет етуі мен олардың салдары тоқтағаннан кейін дереу орындайды.

14.4. Тежеусіз күш жағдайлары әрекет етуін тоқтатқан соң, тиісті Тарап Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды жалғастыруы тиіс. Егер тежеусіз күш жағдайы әрекет еткен уақыттан бастап бір айға созылса, Тараптар өзара келісім бойынша Шарттың әрекет етуін тоқтатуға құқылы, бұл ретте мүдделі Тарап бұл туралы екінші Тарапқа тежеусіз күш жағдайлары тоқтатылатын күнге дейін кемінде күнтізбелік он бес күн бұрын жазбаша хабарлайды.

14.5. Банк, Банкке уәкілетті мемлекеттік органдардың және (немесе) лауазымды тұлғалардың мүлікті басқаруға уақытша шектеу қою туралы актілері, банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы, банктік шоттағы ақшаға тыйым салу туралы шешімдері және (немесе) өкімдері, сондай-ақ ақшаны өндіру туралы сот актілері, сот орындаушысының банктік шоттардың болуы және нөмірлері туралы ақпаратты талап ету жөніндегі қаулылары, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үшінші тұлғалардың талаптары келіп түскен жағдайда Шотқа (Шоттарға) ақшаны есепке жатқыза алмауы себебінен Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны/тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкершілік алмайды.

Бұл орайда Салымшының келісімінсіз ақшаны Шоттан (Шоттардан) алу, Шот (-тар) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру және Шоттағы (Шоттардағы) ақшаға тыйым салу және мүлікті басқаруға уақытша шектеу қою тек тиісті түрде ресімделген құжаттар негізінде, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда ғана жүргізіледі. Банк Салымшының осындай жағдай салдарынан келтірілген шығындары үшін жауап бермейді.

14.6. Банк техникалық немесе Банкке тәуелді емес өзге де себептер бойынша өкімді өңдеуді кідірту жағдайларын және көрсетілген өзгеріске байланысты туындаған Салымшының ықтимал шығындарын қоса алғанда, операция орындалғанға дейін, оның барысында немесе одан кейін болған қолма-қол ақшасыз валютаның айырбас бағамының өзгеруіне жауапты болмайды.

### **III-БӨЛІМ. Салымдарға кепілдік беру**

#### **15-бап. Салымдарға кепілдік беру**

15.1. Шартты жасау кезінде Салым депозиттерді міндетті кепілдендіру нысаны болып табылады.

15.2. Қазақстан Республикасының депозиттерге кепілдік беру мәселесі бойынша заңнамасы өзгерген жағдайда, Салымға заңнамадағы өзгерістерді ескере отырып анықталған кепілдік беру талаптары қолданылады.

15.3. Банктің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысуы туралы хабарлама және кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімдері, тәртібі туралы, оның ішінде өтеудің талап етілмеген сомасын аудару туралы ақпаратты қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, депозиттерге кепілдік беру мәселелері жөніндегі өзге де ақпарат Банктің web-сайтында орналастырылады.

#### **16-бап. Дауларды қарау тәртібі**

16.1. Шартты жасаумен, орындаумен, бұзумен байланысты туындайтын кез келген келіспеушіліктер мен дауларды Тараптар келіссөз жүргізу арқылы реттеуі тиіс.

Банк Салымшының наразылықтарын Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте және мерзімде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарастырады. Банк Салымшыға жауапты салымшыға жеке табыс ету жолымен де, сондай-ақ электрондық пошта арқылы да немесе басқа да қолжетімді байланыс арналары арқылы да бере алады.

Келісімге келмеген жағдайда Тараптардың әрқайсысы Банктің және/немесе оның филиалының орналасқан жері бойынша дауды шешу үшін Қазақстан Республикасының сотына жүгінуге құқылы.

Шартқа қолданылатын құқық Қазақстан Республикасының құқығы болып табылады.

16.2. Салымшының наразылықтары негізді болып танылған жағдайда Банк жүргізілген операцияға түзету, сондай-ақ туындаған жағдайды реттеу үшін басқа да қажетті іс- әрекеттер жасайды.

16.3. Шартпен тікелей немесе жанама байланысты және онда реттелмеген барлық мәселені Тараптар Шартқа сәйкес, ал Шартта реттелмегенді – Қазақстан Республикасының заңнамасына, сонымен қатар Банктің ішкі құжаттарына сәйкес шешеді және реттейді.

#### **IV-БӨЛІМ. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі**

##### **17-бап. Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу тәртібі**

17.1. Банк біржақты тәртіпте, Салымшының алдын ала келісімінсіз Шартқа, тарифтерге Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шарттың осы тармағында көзделген тәртіпте өзгертулер енгізуге құқылы. Бұл ретте, егер мұндай өзгерістер, толықтырулар Салымшының Шартты бекіту сәтіндегімен салыстырғанда жағдайын нашарлатпаса және/немесе Салымшының жағдайын жақсартса және/немесе оларды енгізу Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына байланысты қажет болса, Банк біржақты тәртіпте, Шарт бойынша төлем қызметтерін көрсетуге қатысты және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгерістерді, толықтыруларды Шарт талаптарына енгізуге құқылы.

Барлық осы жағдайларда Банк тиісті хабарламаны, өзгертулерді, толықтыруларды, олар күшіне енген күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей Банк филиалдарында/бөлімшелерінде және Банктің web-сайтында жариялау арқылы ескертеді.

17.2. Банктің Шартқа, Шарт бойынша көрсететін төлем қызметтері бойынша тарифтерге өзгерістер, толықтырулар енгізудің өзге жағдайларында, сонымен қатар тарифтер ұлғаю жағына қарай өзгергенде Банк тиісті хабарламаны, өзгертулерді, толықтыруларды, олар күшіне енген күнге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей Банк филиалдарында/бөлімшелерінде және [www.halykbank.kz](http://www.halykbank.kz) электронды мекенжайы бойынша Банктің веб-сайтында жариялайды. Бұл жағдайда Салымшы:

17.2.1. Банкке тиісті өтініш жолдай отырып, Шарттан бас тартуға;

17.2.2. көрсетілу талаптары өзгертілген/толықтырылған немесе мұндай қызметтерді көрсеткені үшін ұсталатын тарифтерге өзгертулер/толықтырулар енгізілген төлем қызметтерін алу үшін Банкке жүгінбеуге құқылы.

Банктің көрсетілген он күндік мерзім аяқталғанға дейін Салымшыдан жазбаша хабарламаны, Шотты жабуға өтінішті алмауы, Салымшының жаңа (өзгертілген) Шарт мазмұнымен, Тарифтердің мөлшерімен келісетінін білдіреді және Тарифтерге, Шартқа өзгертулер, толықтырулар Банктің хабарламасында көрсетілген күні күшіне енеді. Бұл ретте Шартқа қосымша келісімдер бекітілмейді, Салымшы келісімінің жазбаша растауы талап етілмейді.

##### **18-бап. Шартты бұзу, Шотты жабу тәртібі**

18.1. Шартты бұзу және Шотты жабу:

18.1.1. Шотқа үшінші тұлғалар қойған ауыртпалықтар және/немесе орындалмаған талаптар болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде Салымшының өтініші негізінде;

18.1.2. Банк дербес түрде Шарттың әрекет етуі тоқтаған немесе ол Шартты орындаудан бас тартқан жағдайда;

18.1.3. Тараптардың келісімі бойынша жүзеге асырылады.

18.2. Салымшы Шартты орындаудан бас тартқан жағдайда, Салымшы Банкке Пароль арқылы немесе SMS-хабарлама/Push-хабарлама түріндегі біржолғы парольмен қол қою арқылы Шотты жабуға өтініш береді. Шотқа қойылған орындалмаған талаптар болмағанда, Шоттағы ақшаларға ауыртпалықтар болмаған кезде, Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімдерде Шотты жабады, ал шотындағы ақша қалдығын Салымшының жазбаша нұсқауы бойынша, егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасында рұқсат етілген болса Салымшыға қолма-қол төленеді немесе банктегі немесе өзге Банктегі, банктік операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдағы басқа шотына аударылады.

18.3. Банк Шартқа, Шарттың 17.2-тармағына сай тарифтерге өзгерістер, толықтырулар енгізген кезде Салымшы Банк хабарлаған өзгерістер, толықтырулар қолданысқа енгізілетін күнге дейін оның бұзылғаны үшін қосымша комиссиясын төлеусіз, егер мұндайды Банк белгілесе, Шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

18.4. Банк «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының заңында, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру туралы» Қазақстан Республикасының заңында және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілерінде көзделген негіздер мен тәртіп бойынша Шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

Шотта бір жылдан астам ақша болмаған жағдайда Банк осы мерзім өткеннен кейін Шарттың болжамды бұзылатын күніне дейін күнтізбелік отыз күн бұрын Банкте бар мекенжай бойынша Салымшыға электронды нысанда немесе оны алғаны туралы хабарламасымен почта арқылы Шартты орындаудан бас тарту туралы хабарлама жібереді немесе аталған мерзімде тиісті хабарландыруды Банктің web-сайтында/Банктің таңдауы бойынша өзге бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру жолымен хабарландырады. Шотта ақша болмаған кезде және хабарламада көрсетілген мерзім өтіп кеткен кезде Банк Шартты бұзады және Шотты (-тарды) жабады.

18.5. Шот жабылған кезде Банк жеке сәйкестендіру кодын жояды.

18.6. Шот жабылған кезде Банк Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған жағдайларда, тәртіппен және мерзімдерде салық органдарына хабарлайды.

18.7. Банк Шартты орындаудан бас тартқан кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа әрекеттерді жүргізеді.

## **V-БӨЛІМ. Өзге талаптар**

### **19-бап. Өзге талаптар**

19.1. Шарт әрқайсысының заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды. Осы Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің арасында қайшылық болған жағдайда Тараптар Шарттың орыс тіліндегі мәтінін басшылыққа алады.

19.2. Осы арқылы Клиент мыналарға:

- дербес, биометриялық және/немесе өзге де деректерді жинауға, өңдеуге және осы деректерді кредиттік бюроларға беруге;

- Банктің мемлекеттік және мемлекеттік емес деректеркорлардан (бұдан әрі – МДҚ) Клиент туралы ақпарат алуына;

- кредиттік бюроның Банкке МДҚ-дан алынған Клиент туралы ақпаратты беруіне;

- кредиттік бюроның МДҚ операторларынан/иелерінен клиент туралы ақпаратты МДҚ-дан алуына;

- МДҚ иелерінің клиент туралы ақпарат беруіне;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаға Клиент туралы қолда бар және болашақта келіп түсетін ақпаратты ұсынуға;

- Банктің «Туысқандық байланыстар» МДҚ-дан немесе туысқандық байланыстар бойынша өзге де МДҚ-дан Клиент туралы ақпаратты, оның ішінде балалар туралы мәліметтерді алуға;

- Банктің салық құпиясын құрайтын мәліметтерді, дербес медициналық деректерді, сондай-ақ заңмен қорғалатын құпияның өзге де түрлерін қамтитын МДҚ-дан клиент туралы ақпарат алуға өзінің шартсыз және қайтарып алынбайтын келісімін білдіреді.

19.3 Осы арқылы Клиент Банктің биометриялық деректерді сәйкестендіру тәсілі ретінде пайдалануына (соның ішінде дауыстық көшірме бедерін алуға) өзінің сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін білдіреді.

19.4. Осы арқылы Клиент сенімді нөмірге жарнамалық сипаттағы таратылымдарды Банктен алуға өзінің сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін білдіреді.

19.5. Клиенттің мерзімді негізде банктік қарыздар алуына байланысты Клиент Банктен Клиентке қарыздар алу туралы ұсыныстар жіберуді сұрайды. Осыған байланысты Клиент Банктің кредиттік бюродан кредиттік есепті және өзге ақпаратты алуына, сондай-ақ кредиттік бюроның Банкке осындай ақпаратты беруіне өз келісімін береді.

19.6. Банк Клиент «Haluk Super App» мобильді қосымшасында тіркелген және операцияның негізгі шарттары туралы ақпараты бар хабарламаларды алу қызметін қосқан жағдайда Push-хабарламаларды жіберу арқылы Салым бойынша жүргізілген операция туралы Клиентке хабарлайды.

19.7. Салымшыға шетел валютасын сатып алуға, сатуға немесе айырбастауға байланысты операцияларды жасау кезінде Haluk Super App мобильдік қосымшасында Салымшының тиісті операцияны нақты жасаған сәтінде Банк белгілеген бағам қолданылатыны және қолма-қол ақшасыз валютаның айырбас бағамының өзгеруінен туындаған ықтимал залалдар үшін жауапкершілікті өзіне алатыны хабарланады және келісіледі.